

Қазақстандағы земстволық қозғалыстың Алашорда мен Уақытша Сібір үкіметінің бірлескен іс-әрекетін үйлестірудегі тарихи қызметі

Сайлаубай Е. Е.

Сібір мен Қазақстанда 1918 жылдың маусым айындағы биліктің алмасуы нәтижесінде жаңа азаматтық билік жүйесі қалыптаса бастады. Семейдегі ресми билік Батыс Сібір комиссариатына көшті. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелері Б. Марков, П. Михайлов және Линдберг өкілеттіліктері Батыс Сібірге қатысты болды. Олар өз кезегінде Сібір Думасын шақырып, жаңа өкімет құрамы анықталғанша Батыс Сібірге қарасты территорияларда (оның ішінде Семей облысы) ауылдық, болыстық, уездік және қалалық халық жиналыстарын шақыруға (земство), уақытша атқару комитеттерін құруға және қарулы отрядтар жасақтауға шақырды. [1]

Сібір мен Қазақстанда Кеңес үкіметінің құлатылуы, оның орнына келген Уақытша Сібір үкіметі билігінің орнауы процесі 1918 - жылы маусым айының соңына дейін созылды. Бір кездері Потаниндер бастаған Сібір Думасы Сібір үкіметін құрып және оның құрамын анықтап берді. Бұрынғы орталық Томск қаласы орнына жаңа саяси орталық болып Омбы қаласы ұйғарылды. Сібір үкіметінің төрағасы болып П.В.Вологодский, мүшелеріне В.М.Крутовский, И.А.Михайлов, П.Б.Патушинский, М.Б.Шатиловтар сайланды. Жаңа құрылған Сібір үкіметі Сібір халықтарына арнап грамота (үндеу) қабылдады. Онда бүкіл Сібірде бір ғана билік иесі, яғни Сібір Думасы құрған Уақытша үкіметі ғана деп жар салды. Азаматтық биліктің қалыптасуының Семей облысындағы көрінісі әскери биліктің азаматтық билікпен алмасуынан көреміз. Семей облыстық әскери штабтың бастығы есаул Сидоров облыстық әскери билікті 1918 жылғы 8 шілдеде Уақытша Сібір үкіметінің ұсынған өкілі Г.Г. Кротқа өткізді. Азаматтық билік жүйесі- Семей облыстық комиссариаты қалыптасты. [2]

Кеңес үкіметі тұсында күшпен таратылған қоғамдық- саяси ұйымдар мен бұрынғы Уақытша Үкімет тұсындағы басқармалар мен комитеттер өз жұмыстарын қайтадан бастады. Семей облыстық земство басқармасы төрағасы Р.Мәрсеков, мүшелері К.Ляшкевич, Х.Ғаббасов, Д.Троицкий және Ә. Сәтбаев құрамында өз жұмыстарын 27 маусымда (1918 жыл) бастады. [3]

Қалалық Дума да өз жұмысын бастап кетті. Дума мәжілісінде қала бастығы Козинцев Семей қаласының әлеуметтік және экономикалық жағдайына тоқталып, оның ауыр халде екенін, енді осы қиын жағдайдан шығу жолдарын қарастыруда қала жұртшылығының саяси санаттылықтарына сүйенетінін атап көрсетті.

Облыс уездерінде халық жиналыстары өз жұмыстарын бастады. Өскемен уезінде қалалық Дума өз жұмысын 11 маусымнан бастады (1918

жыл). Өскемендегі саяси жағдай тез өрістей бастады. Уездік земстволар ішінде Өскемен уездік земство басқармасы төрағасы Ә.Айтбақин, мүшелері В.Д. Саенко құрамына қызметке кірісті. Павлодар уезіндегі қалалық дума мәжілісінде (20.06.1918) Уақытша Сібір үкіметіне қолдау көрсетілді және оның демократиялық қадамдарын құптайтындықтарын білдірді [4].

Семей уездік земство жұмысы 1918 жылы 11 маусымда басталды. Уездік земство басқарма мына құрамда: А. Қозыбағаров (төраға), И.Воробьев (орынбасары), С.Дюсембин, И.Богатырев, А.Булатов және П. Лихановтар сияқты қайраткерлерден сайланылды [5]. Семей облысы орталығындағы Семей облыстық земствосы саясатқа белсенді араласты. Облыс комиссариаты міндетін уақытша атқарушы Кроттың сұрауымен уездік комиссар тағайындалуы тиіс болды. Бірақ, Семей уездік земство басқармасы уездік комиссардың қажет еместігін, оның қызметін уездік земство ұйымы толығымен атқарып отырғанын, ал комиссарлық қызметтің енгізілуі аса қажет болса, онда агроном Сатылған Сабатаевтың ұсынамыз деп көрсетті [6].

Семей облыстық земствосы (төрағасы Р. Мәрсеков) өлкедегі барлық саяси іс шараларға белсенді түрде араласып отырған. Облыстық земствоның белсенді қызметі арқылы Өскемен уездік комиссары көмекшісі қызметіне Имам Әлімбеков ұсынылды. Имам Әлімбеков жаңа қызмет орнын пайдаланып Өскемен өңірінде Алашорда ықпалын арттыруды көздейді. Семей облыстық земствосы басқармасы атынан Семей округтық сотының тергеу комиссарына Әбікей Сәтбаевты мүше ретінде ұсынған. Облыстық жер комитетіне Шығыс Алашорда қайраткері Халел Ғаббасов төраға болып сайланды Жаңа саяси билік жағдайында Шығыс Алашорда қайраткерлері Семей облысының орталығы мен уездерінде барынша билік орындарында қызмет иелері болуға ұмтылып отырды. Бұл Алашорданың жергілікті жердегі ықпалын қамтамасыз етуге тиімді болды [7].

Бұл бағыттардағы саяси күрес өте қызу, әрі тартысты жүрді. Мәселен, Қарқаралы уезіндегі комиссар Червевтің (большевиктік бағытта болған) қызметі халықтың көңілінен шықпады. Червев комиссарлық қызметін пайдаланып жергілікті жерде Алашорда ықпалын жою мақсатында, оның мүшелерінен тұратын (басым бөлігі) уездік земствоны тарқатуды ұсынды. Оның бұл жағдайда жақтастары ретінде Хасен Ақаев бастаған «Дала одағы» ұйымы мүшелері болды. Червевтің аталған ұйым мүшелеріне сүйене отырып, Қарқаралы уезіндегі Алашорда жетекшісі Жақып Ақпаевқа қарсы күрес жүргізді. Червев бастаған топтың әрекеті сәтсіз аяқталды. Қарқаралыдағы жағдайға Алашорда өкілі ретінде И.Әлімбеков араласты. Оның нұсқауымен комиссар Червев қызметінен кетті және оның орнына жаңа комиссар тағайындау мәселесі шешілді. Қарқаралы уезіне комиссарлыққа С.Ақаев тағайындалды. И.Әлімбеков жергілікті жердегі Алашорда жақтаушыларының басымдық рөлін атап көрсетті.

Соған сәйкес, тезірек халық жасағы - милицияға қажет қаражатты тез арада жинауға нұсқау берді. Кейін Қарқаралы уезі Алашорданың өлкедегі бірден - бір саяси - экономикалық күш-қуатын қамтамасыз ететін аймаққа айналды[8].

Оқу-ағарту саласында Шығыс Алашорда мүшесі Биахмет Сәрсенев облыстық земство жиналысы ұйғарымымен Семей ерлер гимназиясының педагогикалық кеңесіне мүше болып кірді. Бұдан түйер ой, ағартушылық идеясын ұстанған Алашорда қайраткерлері оқу ағарту саласы мәселелерін шешуге және сол орайда нақтылы қызмет етуге ұмтылған [9].

Семей облыстық земствосы және Шығыс Алашорда мүшелерінің жергілікті жердегі билік маңындағы қызметтері сан алуан болды. Х.Ғаббасов келесі кезекте облыстық земствоның азық-түлік комитетінің ревизиялық комиссияның құрмына енді. Семей округтық соты жұмыстарына И.Тарабаев пен Мерсалимовтар белсенді түрде қатысқан. Округтық сот жұмысына қызмет бабына орай Р. Мәрсековте араласқан. Облыстық салық жүйесі қызметінде Ә.Молдабаев пен Б. Сәрсеневтер қызмет етті. Олар облыстық земство атынан бірі төраға (Ә. Молдабаев), екіншісі төраға орынбасары (Б. Сәрсенев) болып қызмет етті. Облыстық земство төрағасы Р. Мәрсековтың нұсқауымен оның мүшесі Х.Ғаббасов Өскемен уезіне инспекциялық қызмет іс-сапарында болып қайтты. Іс – сапардың негізгі мақсаты бір жағынан әлеуметтік – экономикалық сипатта болса, екінші жақтан Шығыс Алашорданың Өскемен уезіндегі қызметін қалыптастыру болып табылады. Қарқаралы уезіндегі Алашорда мүшелері А.Раймбеков, М.Оспанов, С.Байтенов, Р.Сопақов уездік земство құрамына енді және оның жұмыстарын бастауға (1.07.1918 жыл) ықпал етті[10].

Облыстық земство Ресейдегі саяси маңызы бар барлық іс-шараларға да мұқият мән берді[11]. Облыстық земство өкілдері ретінде И.Әлімбеков Самара қаласында өткен Сібірдің өзін-өзі басқару орындары съезіне қатысып қайтты. Облыстық земство мүшелері ішінде облыстық қазақ қауымына жақсы таныс, әрі беделі бар Алашорда қайраткерлері жеткілікті болды. Оны сол кездерге тиесілі архив құжаттарынан байқаймыз. Бұл шақыруларда есімдері аталған мүшелер земство жиналысына келуі тиістігі көрсетілген.

Семей облыстық земство басқармасы (төрағасы Р.Мәрсеков) облыстағы саяси оқиғаларға аса мән берген[12]. Земство атынан Р. Мәрсеков Алашорда және земство мүшесі Х.Ғаббасовты, большевиктерді жазалау мақсатында құрылған тергеу комиссиясы құрамына ұсынған. Алайда Х.Ғаббасовтың тергеу комиссиясы құрамына енгізілмеуі земствоның облыстық комиссариатпен тартысын тудырды. Облыстық комиссариат Халел Ғаббасовтың Кеңес үкіметі кезіндегі жоғарғы билік атқарғанына мән беріп, оны тергеу комиссиясына кіргізбеді. Оның орнына юрист-консультант А.Елшин тергеу комиссиясына мүше болды. Семей облыстық земствоның Алашорданың барлық деңгейдегі комитеттерімен

тығыз байланыста болды. Алашорданың уездік комитеттерімен бірлесе қызмет атқарғанын байқаймыз. Көп жағдайда экономикалық жағдайларды бірлесіп шешіп отырған. Облыстық земствоның Зайсан уезіне жіберген қатынасында қазақтардан арнайы жұмысшы отрядтарын құру және оларды Үржарға егін жинауға жіберу мәселесі сөз болды. Зайсандағы Алашорда комитеті жауабында елдегі эпидемиялық жағдайға байланысты земство талабын орындаудың әзірге мүмкін болмай тұрғандығы айтылған

Облыстық және уездік земство басқармалары Алашордамен байланыстарында, оны нақты билік иесі деп таныған. Оны жоғарыдағы жағдайдан байқаймыз. Бұл арада Алашорда мүшелерінің земстволық басқармаларда қызмет еткенін және соған орай облыста Алашорданың беделін, әсіресе қазақ қауымы алдында көтеруге тырысқан [13]. Облыстық земство мүшелері ретінде Р.Мәрсеков, Ә.Молдабаев, И.Әлімбеков, Т.Ибрагимов, Қ.Есенғұлов және кандидат ретінде Қ.Мұздыбаев, Е.Айтмұқанбетов, М.Мұхамедуәлиев, Т.Өтепов, Қ.Бердалин, Ж.Ақпаев, Ә.Ермеков, Райымбеков, Мұсатаев және Н.Қазанғаповтардың қазақ қоғамы қорғанышы ретінде қызмет етті.

Шығыс Алашорданың өлкедегі беделі мен билігі жөнінде Қарқаралы уезіне қатысты деректер арқылы көруге болады. Бұл арада Қарқаралы уезі Шығыс Алашорданың Семей уезімен бірге негізгі тірегі болған аймақ екенін ескереміз. Қарақаралы земство жиналысында Алашорда мүшесі Ж.Ақпаев пен Алашорда өкілі И.Әлімбеков қатысып, сөз сөйледі. Бірінші мәселеде қазақ автономиясын тұрақтандыруға көңіл бөлу. Екінші мәселеде қазақ сотының жағдайын анықтау қарастырылды. Қазақ автономиясында қазақ сотының шешімдері ғана жүретіндігі баса айтылды. Шығыс Алашорданың Қарақаралы уездік земствосымен байланысы жақсы жолға қойылды. Мәселен, Қарқаралы уездік земствосына жіберген қатынасында милиция жасағын құруға байланысты туындаған әскер жасақтау ісін бүкіл Қарқаралы көлемінде іске асыруға белсене араласқан [14].

Саяси процесстер барысында халық жиналысы (земство) өкілеттілігі арта түсті. Оны өз тарапынан Алашорда тиімді түрде пайдаланып отырды. Әсіресе, Алашорданың әскери саладағы қызметі земстволық басқармалар тарапынан қолдау тауып отырды. Оны Алашорда атты әскерінің жасақталуы негізіндегі қарым-қатынастарынан айқын байқаймыз.

Сібір Уақытша үкіметінің өлкедегі бірден-бір ортақ тірегі әскери құрамалары (тұрақты армия, казактар жүздіктері) және қоғамдық саяси ұйымдар жалпы азаматтық бағыттағы іс-әрекеттерді баянды етуде жеткіліксіз болды. Ал оны баянды етер бірден-бір күш Алашорда болды. Бұл арада саясатта шешуші рол атқарған демографиялық және экономикалық факторларды айтамыз. Ал бұл салаларда Алашорда сөзсіз басымшылықта болды.

Уақытша Сібір үкіметі өзінің демократиялық сипаттағы көзқарастарын Сібір халықтарына арнаған грамоталарында ерекше атап

көрсетеді. Егер қазақ өлкесіне катысты күштеу саясатын ұстанатын болса, онда оны саяси біріктіруші ұйым ретіндегі мәні жоққа шығуы әбден мүмкін еді. Сол себепті Уақытша Сібір Үкіметі ұлттық қозғалыстарды болашаққа міндетті түрде арнайы қаралуы тиіс болады деген негізінде, яғни бір кездегі Ресей халықтарының үміт артқан Құрылтай жиналысы тағдырларын анықтап беруге тиіс деген саяси ой арқылы тұсауға тырысты. Жалпы алғанда 1918 жылдың маусым-тамыз айлары аралығында Шығыс Қазақстан территориясында Уақытша Сібір үкіметі мен Алашорда арасындағы әр түрлі санаттағы байланыстар жергілікті өзін-өзі басқару ұйымы – Земство (облыстық, уездік және болыстық деңгейдегі) арқылы жүзеге асқанын жоғарыдағы деректік талдаулар дәйектейді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ШҚО ҚЗТҚО 37-қор. 1-т, 1-іс, 111-п.
2. Свободная речь, №172, №181, 1918 г.
3. Свободная речь, №179, 1918 г. ШҚО ҚЗТҚО 37-қор. 1-т, 6-іс, 67-п.
4. Свободная речь, №162, №161, №166. 1918 г. ҚР ОМА 1398-қор. 1-т, 208-іс, 144-п.
5. ШҚО ҚЗТҚО 37-қор. 1-т, 6-іс, 72-п. 1-т, 1-іс, 119-120 п.
6. Сонда, 74-75 п, 48-қор, 2-т, 1-іс, 174-175 п.
7. ҚР ОМА 1398-қор. 1-т, 208-іс, 162-п, 94-п, 95-п, 110-п.
8. Сонда, 115-п, 118-п.
9. Сонда, 292-п.
10. Сонда, 120, 126, 167, 175, 176, 182-п.
11. Сонда, 209-п, 297, 302, 464, 465, 476.
12. Сонда, 381, 509, 510, 511-п. 374, 375-п.
13. ҚР ОМА, 1398-қор. 1-т, 247-іс, 2, 19, 12, 9, 8, 7-п.
14. ҚР ПА 840-қор. 1-т, 1-іс, 134, 137-п.

Summary

The article deals with the problem lands movement in Kazakhstan in the early twentieth century.